

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы N 203 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 сәуірдегі N 502 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 621 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 621 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурстар өткізу жөніндегі комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы N 203 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2002 ж., N 6, 52-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурстар өткізу жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Есім Ғарифолла - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)  
Әріпханов - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының орынбасары  
Омашев - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорны журналистиканы зерттейтін ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі;  
көрсетілген құрамнан Бишіғаев Асқар Дәруішұлы, Бурлаков Леонид Николаевич, Қозыбаев Сағымбай Қабашұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК